Абай негізгі мектебі бойынша директор жанындағы кеңесінің

кезектен тыс отырысы

Хаттама № 3

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі: 5

Қамқоршылық кеңес мүшелері-9.

Күн тәртібі:

1.Қамқоршылық кеңесінің жарты жылындағы жұмыс есебі.

2.Жаңа жыл мерекесін өткізу туралы.

3. Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

Мектеп директоры Нургалиева А А .

Ұжымға күн тәртібінде тұрған мәселелерді жариялап, таныстырды,өзара талқылай келе,шешім қабылдауды ұсынды.

Сөйлеушілер:

1.Бірінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы сөз алды.
- «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестін жұмысын үлгілік қағидалары»болып өзгертіліп , 2017 жылдың 29 қыркүйегінен бастап күшіне енді.Бұл орган мектептегі қамқоршылық кеңесінің құрамын , оларды дамыту стратегиясын бекітеді , сондай ақ олардын қызметіне байланысты өзге де маңызды мәселелерді қарайды.Қамқоршылық .кеңесі-стратегиялық мақсаты мен міндеттерін айқындайтын,сенім ашықтық,еріктілік және алқалық қағидалар жұмыс істейтін мектептік басқарудың қоғамдық орны,жоғарыда қамқоршылық кеңесі басты басқару органы болып табылады.
Абай негізгі мектебінде қамқоршылық кеңесі 9 мүшеден құралған.
2021-2022 оқу жылының басында мектеп қабырғасында азқамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету мақсатында қамқоршылық кеңесі бірауздан , мектебімізде «Мейірімділік-асыл қасиет»ұранымен «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып өткізілді . Акция аясында тізімдегі 5 оқушыға көмек көрсетілді . Оқушыларға демеушіліктердің көмегімен мектеп формасы, оқу құралдары және ақшалай көмек көрсетілді.
Азқамтылған отбасылардан шыққан балалар ақысыз ыстық тамақпен және оқулықтармен қамтылды.
Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтар орын алғанжоқ.
Эпидемиологиялық уақытына байланысты барлық санитарлық талаптар сақталуда.
Қамқоршылық кеңес мүшелері мектептегі барлық шараларға үлестерін қосып , белсене қатысып тұрады.

2. Екінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз алды:
   -Аудан бойынша «Жаңа жыл» мерекесі 28.12.өткізіледі.Осы мерекелік шараны сапалы өткізу ұшін тәлімгер Г.Б.Уразалинаға және сынып жетекшілерге қолға алып , қажетті деңгейде өткізуге бұйырамын.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жартыжылдық есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Жаңа жыл мерекесі сапалы өткізілсін.

Отырыс төрағасы: А А Нургалиева

Абай негізгі мектеп директоры .